

**Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы мәслихаттың 2009 жылғы 8 қазандағы N 21-11 шешімі. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2009 жылғы 12 қарашада N 7-1-156 тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2010 жылғы 12 наурыздағы N 27-12 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облысы Орал қалалық мәслихаттың 2010.03.12 N 27-12 Шешімімен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6, 7-баптарына сәйкес Орал қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Орал қалалық мәслихатының "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 шешіміне ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-67 нөмермен тіркелген, 2007 жылғы 3 мамырдағы "Жайық үні" газетінде және 2007 жылғы 17 мамырдағы "Пульс города" газетінде жарияланған), Орал қалалық мәслихатының 2007 жылғы 16 шілдедегі N 47-9 "Орал қалалық мәслихатының " 2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне толықтырулар енгізу туралы" ( нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-73 тіркелген, 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "Жайық үні" газетінде N 50 және 2007 жылғы 13 желтоқсандағы "Пульс города" газетінде N 50 жарияланған) шешімімен, Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 2 шілдедегі N 9-15 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-107 тіркелген, 2008 жылғы 24 шілдедегі "Жайық үні" газетінде N 30 және 2008 жылғы 31 шілдедегі "Пульс города" газетінде N 31 жарияланған)

шешімімен, Орал қалалық мәслихатының 2008 жылғы 29 қыркүйектегі N 11-19 " Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-115 тіркелген, 2008 жылғы 9 қазандағы "Жайық үні" газетінде N 41 және 2008 жылғы 9 қазандағы "Пульс города" газетінде N 41 жарияланған) шешімімен , Орал қалалық мәслихатының 2009 жылғы 31 наурыздағы N 15-11 "Орал қалалық мәслихатының "2007 жылғы 5 сәуірдегі N 43-6 "Орал қаласында нашар қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібі мен мөлшері туралы Қағиданы" бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 7-1-137 тіркелген, 2009 жылғы 7 мамырдағы "Жайық үні" газетінде N 19 және 2009 жылғы 7 мамырдағы "Пульс города" газетінде N 19 жарияланған) шешімімен енгізілген толықтырулар мен өзгерістерді ескере отырып, келесі өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 қосымшасының 3 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Тұрғын үйді күтіп ұстау және коммуналдық қызметті пайдалану ақысын төлеудің шекті шығын көлемі отбасының жиынтық табысынан 20%, ал жалғызбасты және ерлі-зайыпты жұптар, зейнеткерлер, мүгедектер үшін ауыру себебіне қарамастан және оларды күтетін азаматтарға, тұл жетім балалар, ата-анасыз қалған балалармен бірге тұратын қамқоршылар күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқу орнын бітіргенге дейін, бірақ жиырма үш жастан аспайтын шекте, кәмелетке толмаған балалармен бірге тұратын немесе үш жасқа толмаған баланы тәрбиелеп отырған баласымен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы жиырма үш жастан аспайтын күндіз оқу нысанындағы жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі жүйеде, жоғары білім беру жүйесінде оқитын тұлғалармен бірге тұратын зейнеткерлер мен мүгедектер отбасы, жасы 50-ден асқан жұмыссыз әйелдер, жасы 55-тен асқан жұмыссыз ерлер үшін 10% көлемінде белгіленеді.";

шешімнің 23 тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қалалық қаржы бөлімі жылына кемінде бір рет алғашқы құжаттар бойынша тұрғын үй көмегіне бюджеттік қаржының жұмсалыуының дұрыстығын тексеруге және оны өткізудің нәтижелері туралы қалалық мәслихатқа хабарлауы қажет."

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және 2009 жылғы 1 қазаннан бастап туындаған қатынастарға

т а р а т ы л а д ы .

*Орал қалалық мәслихатының  
кезекті 21-ші сессиясының төрағасы  
Орал қалалық мәслихатының хатшысы*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК